



БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 7М05301- Химия

БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫН ЫҢ МАҚСАТЫ

Химияның іргелі және өзекті бағыттары бойынша терең, жүйелі теориялық білімі мен практикалық дағдылары қалыптасқан, ғылыми-зерттеу, талдау және педагогикалық қызметтерде өзін-өзі дамытуға қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлау

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

ғылыми-зерттеу институттары, ғылыми орталықтар, ғылыми-зерттеу зертханалары, конструкторлық және жобалау бюролары, фирмалар мен компаниялар; жоғары оқу орындары, мемлекеттік білім беру мекемелері мен білім беру кәсіпорындары, сондай-ақ мемлекеттік емес білім беру ұйымдары;

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 –стратегиялық сыртқы, ішкі факторларды кәсіби және сыни тұрғыдан бағалайды, ғылыми-педагогикалық процеске әсер ететін жаратылыстану-ғылыми міндеттерді дұрыс қояды;

ОН2 – теориялық және әдіснамалық талдау дағдыларын меңгерген, болжау және жоспарлау әдістерін практикада қолдана алады, сондай-ақ зерттеу және практикалық міндеттерді шешу үшін мамандық бойынша және пәнаралық білімді синтездей алады;

ОН3 –білім берудің әртүрлі салаларындағы міндеттерді жүйелі шешуге бағытталған іргелі зерттеулер мен ғылыми-практикалық инновациялық зерттеулерді қорытындылайды

ОН4 –кешенді химиялық зерттеулер контекстінде салалық, өңірлік, ұлттық және жаһандық проблемаларды түсінеді, қоршаған ортаның өзгеретін жағдайларына бейімделе отырып әр түрлі пікірлерді ескеріп, басқарушылық шешімдер қабылдай алады;

ОН5 –компьютерлік модельдеу әдістерін және ғылыми зерттеулер нәтижелерін теориялық талдау әдістерін меңгерген;

ОН6 –ғылыми-техникалық прогрестің, халықаралық практиканың дамуын ескере отырып, химия ғылымының даму үрдістерін ғылыми түсіндіре алады;

ОН7 –білім берудің заманауи парадигмасы контекстінде педагогикалық ғылымды дамытудың жаңа тұжырымдамалық идеялары мен бағыттарын түсінеді;

ОН8 –ғылыми-педагогикалық ойлаудың инновациялық стилін және педагогикалық шындықты тұтас қабылдауды меңгерген